

**Атабекова Бактыгул Ботабековнаның**  
**6D010300 –«Педагогика және психология» мамандығы бойынша**  
**философия докторы (Ph.D) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Әлеуметтік**  
**серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін**  
**дамыту» атты диссертациялық зерттеуіне ресми рецензенттің**

**ШІКІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы**

Қоғамдық және жеке сананың жаңғыруына байланысты әлемдік біртұтас білім беру кеңістігіне ену жағдайында жоғары оқу орындарында нарық талаптарына сай: өндіріс әлеміне еркін ене алатын, мәртебелі әрекет етуге негіз болатын білім, білік, дағдылары қалыптасқан, ең бастысы тұлғалық сапалары дамыған бәсекеге қабілетті мамандардың жаңа типін қалыптастыру бүгінгі күннің негізгі міндеттеріне айналып отыр.

Бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау - жалпы қоғамдық іс. Елімізде жалпы білім беру саласындағы әлеуметтік серіктестіктің моделін жасаудың заңнамалық негіздері қамтамасыз етілген. Әлеуметтік серіктестіктің нәтижесі - білім беру үдерісіне қатысушы барлық тараптардың өзара әрекеттестігі мен ынтымақтастығы арқылы студенттердің өзін-өзі жүзеге асыруы, құзыретті маман болып шығулары, белсенді азаматтық және өмірлік позицияны қалыптастыру, жасөспірімдердің әлеуметтенуі үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Сондықтан, бұл іске жұмыс берушілердің, басқа әлеуметтік серіктестердің тікелей араласуы да қоғамдық қажеттілік болып табылады. Өзара әрекеттің түрі ретінде тараптардың қызметтің – жоспарлаудан нәтижені бағалағанға дейінгі барлық сатыларына қатысуы нарық талаптарына сай мамандар даярлаудың негізгі тетігі екендігін ескерсек, Бактыгул Атабекованың орындаған диссертациялық жұмысының өзектілігі күмән тудырмайды.

**2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларын негіздеу және шынайылық дәрежесі.**

Диссертант зерттеу барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізген:

2.1 Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың теориялық - әдіснамалық негіздерін айқындау арқылы «бәсеке», «бәсекеге қабілеттілік», «бәсекеге қабілетті педагог», «әлеуметтік серіктестік», ұғымдары енетін зерттеудің түсініктік-терминологиялық өрісі кеңейтілген.

2.2 Зерттеу мәселесіне қатысты алыс, жақын шет елдік ғалымдардың еңбектерін зерделеу арқылы әлеуметтік серіктестік негізінде маман даярлаудың шет елдік тәжірибесі талданған.

2.3 Еңбек нарығы, қоғамның сұраныстары, жоғары білім берудің мемлекеттік стандарттары талаптарына сай болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың 3

компоненттен, 6 көрсеткіштен тұратын, әр компонентті жүзеге асыруда жүргізілетін жұмыс түрлері айқындалған құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалған.

2.4 Болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін дамытуды тиімді ететін мазмұн мен әдістемелер жиынтығынан түзілген арнайы бағдарлама дайындалып, еріктілерден құралған «Кемел» ресурстық орталығы арқылы тәжірибеден өткен, жоғары оқу орындары оқытушылары үшін ғылыми - практикалық құрал әзірленген.

Аталған ғылыми нәтижелердің дәлелділігі мен негізділігі зерттеу жұмысында Ресейлік және республикалық болашақ педагог даярлауға қатысты ғылыми әдебиеттерге жасаған талдауымен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, «бәсекеге қабілетті педагог», «бәсекеге қабілеттілік», «бәсеке», «әлеуметтік серіктестік» ұғымдарын қарастырған еңбектерді әдіснамалық негізге алуымен де дәлелденеді. Докторанттың ғылыми еңбектерді талдап қана қоймай, ондағы ойларды өз пікірімен нақтылай түсуі мен түйінді ұғымдарға өзінің тұжырымдарын жасауы алынған нәтижелердің негізділігін дәлелдейді.

Болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін әлеуметтік серіктестік негізінде дамытудың құрылымдық -мазмұндық моделінің жасалуы, еріктілердің «Кемел» ресурстық орталығының Ережесі, тиімді әдістерден түзілген бағдарламасы, оны жүзеге асыруға бағытталған педагогикалық эксперимент жүргізілуі, қорытындылануы мен соның нәтижесінде ЖОО оқытушылары үшін ғылыми - практикалық құрал әзірленуі зерттеудің практикалық құндылығының дәлелі болып табылады. Зерттеу барысында алынған нәтижелер болашақ маман дайындау үдерісінде барлық мамандықтарға бейімдей пайдалану мүмкіндігінің мол екендігімен сипатталады.

### **3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) қорытындысының жаңалық нәтижесі**

1. Докторант болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері болып табылатын философиялық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік теориялар жүйесіне талдау жасаған. Диссертацияның мазмұнында, қосымшаларда берілген зерттеу мәселесіне қатысты ғылыми еңбектердің әртүрлі жіктемелері осыны көрсетеді. Соның нәтижесінде «бәсеке», «бәсекеге қабілеттілік», «әлеуметтік серіктестік» ұғымдарының мәні мен мазмұны нақтыланып, «бәсекеге қабілетті педагог» түсінігіне авторлық анықтама бере алуы алғашқы нәтиженің жаңалығын көрсетеді.

2. Диссертацияда жоғары оқу орындары мен жұмыс берушілердің маман даярлауда бірлесе әрекет етуінің Германия, АҚШ, Ирландия, Дания, Франция, Швейцария, Австрия, Норвегия, Жапония, Оңтүстік Корея, Сингапур, Түркия, Финляндия, Австралия сияқты білім беру жүйесі жетік дамыған елдердің тәжірибесіне терең талдау жасалған. Сонымен қатар ол тәжірибелерді зерделеп, салыстырып еліміздің білім беру жүйесіне ендіруге болатын оңтайлы тұстарын екшеп сипаттаған. Арнайы осы зерттеу міндетіне сай қарастырылып отырған мәселеге қатысты әлемдік тәжірибеге

зер салып, терең талдау жасалуы екінші нәтижеде де *жаңалық белгісінің* бар екендігін көрсетеді.

3. Үшінші ғылыми нәтиженің *жаңалығы* – әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің алғаш рет жасалуында. Автордың анықтап, жүйелеп модельде ұсынған жоғары кәсіби білім алу барысында болашақ педагогтың келешектегі табысты кәсіби әрекетке дайындығын қамтамасыз ететін тұғырларды, ұстанымдарды, өзара байланысатын компоненттерді айқындай алуы оның зерттеу проблемасын терең білетіндігін көрсетеді. Сонымен қатар диссертанттың модельдің әрбір құрылымдық бөліктерін ғылыми тұрғыдан саралап негіздей алғандығын ерекше атап өтемін.

4. Төртінші нәтижедегі болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін дамытуға бағытталған еріктілерден құрылған «Кемел» ресурстық орталығының жасалған бағдарламаға сәйкес жұмысының жүзеге асыруда қолданылған жаңашылдық әдістер мен формалар зерттеліп отырған сапаның жетілуіне ықпал етіп ғылыми болжамның расталуын зерттеу мәселесінің *жаңалығы* деп айтуға болады.

#### **4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы.**

Атабекова Бактыгул Ботабековнаның зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері мен жасаған қорытындылары мазмұнды құрылған ішкі біртұтастығымен, зерттеудің басты мақсатына – болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін дамытуды теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеу, құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, тәжірибелік - эксперименттік жұмыста сынақтан өткізуімен ерекшеленеді.

Зерттеу жұмысының осы тұрғыда бағытталуы оның мақсаттық ұстанымымен, диссертация құрылымының нақтылығымен, ондағы әрбір бөлімдердің өзара байланыстылығымен автордың теория мен практикаға енгізген ғылыми жаңалықтарымен сипатталады.

Диссертацияда болашақ педагог дайындаудағы педагогика саласында бүгінгі күндегі көкейкесті мәселе теориялық-әдіснамалық және әдістемелік тұрғыда шешімін тауып отырғандықтан қазақстандық педагогика ғылымы үшін маңызы бар еңбек деп сеніммен айтуымызға болады.

#### **5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама**

Диссертацияның негізгі қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы автордың қазақстандық және шетелдік мерзімді ғылыми басылымдарда, нөлдік емес импакт факторлы журналдарда және халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдары жинағында басылым көрген. Ізденушінің зерттеу тақырыбы бойынша барлығы 12 ғылыми еңбегі жарияланған.

**6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер**  
Диссертацияға қатысты жоғарыда айтылған жетістіктермен қатар төмендегідей ұсыныс пен ескертпелеріміз де бар:

1. Диссертацияда әлеуметтік серіктестер жоғары оқу орындарының бітірушілерінің жұмысқа орналасуына оң ықпал ететіндігі көрсетіледі. Дегенмен шет елдік тәжірибеде соңғы уақыттарда «қоғамдық қызмет» деп аталатын мамандық бойынша мамандар дааярланып, олар жастардың қызметке орналасуымен айналысады. Сондықтан диссертантың бұл жайында біліп жұмыста әлеуметтік серіктестікпен қатар қарастыра кетуге болар еді.

2. Жұмыстың 3.2 параграфында әлеуметтік серіктестіктің әлеуетін сипаттауда оны жүзеге асырудың жалпы шарттары атап өтіледі. Олардың жүзеге асуы қалыптастырушы экспериментте көрініс береді. Дегенмен шарттарға ұсынылып отырған модельде орын беріліп, ғылыми тұрғыда негіздеп кету артық болмас еді.

3. Диссертацияның эксперименттік бөлігінде «Кемел» ресурстық орталығының жұмыс түрлерін толық мазмұндағанда еңбектің тиімділігі артпаса, кемімес еді.

4. Диссертацияда ішінара стильдік, орфографиялық қателер 139б, кездеседі.

## **7 Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды**

Осы айтылған ескертпелер ізденушінің диссертациялық жұмысы нәтижелерінің теориялық және практикалық құндылығына нұқсан келтірмейді. Өйткені автор зерттеу міндеттерінің шешілуін ұтымды түрде таба білген. Еңбекте ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыда үлкен маңызға ие бүгінгі күннің өзекті проблемасы ретінде жан-жақты шешілген.

Қорыта айтқанда, ұсынылып отырған *«Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту»* тақырыбындағы диссертация Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің талаптарына сәйкес орындалған. Оның авторы Бактыгул Ботабековна Атабекова бD010300-«Педагогика және психология» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Рецензент,**  
**Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,**  
**Жалпы педагогика кафедрасының**  
**бағдарламалық көшбасшысы,**  
**PhD Философия докторы, аға оқытушы** **М.К. Джандильдинов**

